



*Ақмола облысы
Егіндікөл ауданы*

Көркем негізгі мектебі

*Өмірзақ Жанерке
9 сынып*

“Менің ауылымның тарихы”

*Өлкетану бағыты
бойынша ғылыми - зерттеу*

Абстракт

Зерттеу мақсаты:

- Ауылымның шығу тарихын зерттеу.
- Көркем ауылының маңайында орналасқан табиғи жаратылысты жер топырағының өзгешілігін зерттеу.
- Ауыл ақсақалдары, қариялармен кездесу, ауыл ішінен шыққан атақты адамдардың еңбектерін білу.

Зерттеу міндеті:

1. Өлкетану жұмысын жандандыру.
2. Тарихқа өзіндік үлес қосу, зерттеу жұмысымен айналысуға шықтану.
3. Тарихи аты аңызға айналған құнды дүниелерді ұрпаққа таныту, туған өлкенің тарихын құрметтеу.

Кіріспе

Ауыл әр адамның тербелген бесігі. Сондықтан әр адам кіндік қаны тамған жері атамекенінің ой – шұңқыры, белес белдері, туған үйінің тұрағы, шежіресі қызықтыруы мүмкін. Мен бала жастан даланың желіне желпініп, сағым даласына серігіп, серпіліп өскен ауыл баласымын. Биыл, міне, тоғызыншы сыныпты аяқтағалы отырмын. Бесінші сыныптан бастап жетекшім Рышан апай тарих сабағында саяхатқа шығып, апайдың әлемнің жеті кереметі болса, әр ауылдың өзіне лайық шежіресі болады, біздің ауылдың Егіндікөл ауданына қарайтын ауылдардан айырмашылығы “жеті кереметінде” деп айтқан сөзі мені жігерлендіріп зерттеу жұмысын алып, айналысуға ниет қойдым. Зерттеу кезінде ауылымның маңындағы бес көлді, құм карьерді, бұлақ, тас қайрақ, үңгір, қызыл отау, шабыраны көріп сыныптастарыммен аралап, апайдың сөзінің ақиқатына көзіміз жетті. Сөйтіп мен “Менің ауылымның тарихы” атты зерттеу жұмысымды ауыл кітапханасынан көне көз қариялардан сұрастырып, жылдың төрт мезгілінде ауылдың маңында орналасқан жеті кереметті өз көзімен көру үшін араладым. Ауыл қазақтың алтын бесігі, күре тамыры. Ауыл адамзаттың кең дүниенің есігін ашып, өмірге, бізге дейінгі сан толқын ұрпақтың кіндік қаны тамған, киелі мекені. Ана әлдіі алтын бесік, алғашқы қадам әр адамның аяулы қымбаттысы. Сондықтан ет пен сүйектен жаратылған жаратылыстың барлық иелері өз ауылын сүйетіні сөзсіз. Дүниедегі ең күдіретті ана болса, ауыл да барлық халықтың анасы, тіршіліктің нәрі. Ауыл – халқымыздың бойына құятын алтын бесігі, негізгі мекен – жайы, ұлттық рухтың алар қайнар көзі.

Атамекен – туып өскен жерін, кіндік қаның тамған жер.

Әр жердің өз тарихы бар. Жер тарихы - кешегінің бүгінге қалдырған, бүгіннің ертеңге енші болар жылнамасы.



«Әркімнің туған жері - Мысыр шаһары» деген екен бұрынғылар. Әр адамның шыр етіп дүниеге келіп, кіндік тамған жері өзіне ыстық. Мен де бүгінгі күні 90 жылдық тарихы бар, өзім туып - өскен құтты мекенім - Көркем ауылы





Бағдарлама

№	Атауы	Уақыты
1	Аймақ саясаты және тарихына назар	16.00
2	Ат жеріс Тай жеріс Тұяқ ату	16.10
3	«Әділ шаһар»	11.30
4	Келісім кұрес	12.00
5	Тұяқ ас	13.00
6	Ынтымақ жәрмеңесі 6 жас - 160 метр 7 жас - 150 метр 8 жас - 200 метр	14.00
7	Спортивтік ойындар (тар калмақ, қол күрес, арқан тарту, «Бас асық», төтенше малмен ойыны) (Жаңа дүние көпестері (арқан күресі) көксерікпен ойыны)	14.30
8	Мерекелік рәсім	15.30
9	Мерекелік рәсім	16.00
10	Футбол, волейбол	
11	Көпшілік аумағындағы Ауылдар	

Байланыс телефондары:
8 (71642) 2 33 03 (мектеп)
87710502593 (Джусупов С.Е.)
87055642629 (Тұяқова Д.У.)
87716068290 (Байдылдалин Ә.Т.)
87012083015 (Дарбаева А.М.)



Көркем ауылының сызбасы /1928-1991жж/





«Сарымсақты» ауылының «Көркем» аталуының да бір себебі бар. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Көркем (Сарымсақты) ауылынан соғысқа аттанғандар 74 адам. Елге оралып келгендер 33 адам.

Аман оралған ардагерлердің бәрі де бұл күндері өмірден өтті. Ауыл ортасында соғысқа қатысқан азаматтарға арналған ескерткіш бар. Ауылдың орталығындағы бас көшеде орналасқан.





ӘУЛЛІДЕК



АЛАКАӨЛ



Құм карьер атауы.

Ауыл маңында құмға байланысты халықтың тұрмыс-тіршілігіне пайдалы деген жерден құм шығарып, карьер қазған. Көркем (Сарымсақты) жеріне алғаш үй салғанда кірпіш құйған, санда осы карьердің құмын пайдаланған. Құм өте ірі болған. Құмның ірілігі үй сылаған да, кірпіш құйған да көп қиыншылық туғызған. Елімізде Тың көтерілген 1953-1954 жылдары ауылдың маңында екінші Карьер ашылған. Бұл карьердің ерекшелігі мұндағы құм өте ұсақ болған және ыдыс-аяқ жасауға қолданған және әртүрлі құмдардың түрлері қиыршық тастар бар.

.Құмды ауылдың маңындағы елді мекендер барлығысы пайдаланады.

Облыс аумағындағы құрылыстарға қажет жоғарғы сапалы құм біздің ауылдың іргесінде, үлкен сұраныспен ел игілігіне пайдалануда.



Қызыл отау атауы



Ата өзінің естелігінде көне қариялардың айтуы бойынша бұл жерде жоңғар батырының биіті болған дейді. Сол жерді ауыл адамдары осы сөздің растығын дәлелдемекші болып, биіт маңын қаза бастаған. Қазу жұмысын жүргізе бастаған кезде аспанда найзағай ойнап, күн күркіреп, жаңбыр жауып, жұмыс істетпеген дейді. Бертін келе осы биіттің маңында екі- үш төбелі жерлер пайда болған. Сол жерде Кеңес өкіметі орнаған жылдары үгіт (агитация) жұмысын жүрген. Жастар егіншілерге концерт қойған, әдеби кітаптар мен газет журналдар оқып берген. Бертін келе сол жерді «Қызыл отау» деп атаған.

Ауыл маңында бұлақ бар, «Бұлақ көрсен, көзің аш» деген нақыл сөз бар. Бұлақ суы мөлдір, өте дәмді. Бұлақ Төскұдық жеріне жақын орналасқан.

Төскұдық деген ата - бабамыздың жері, Көркемнен 3 шақырым, солтүстік шығыста. Бұл жерде итмұрын, тобылғы көп өседі.

«Шабыра» атауы.

Ата өзінің әңгімесінде ауылдың маңында Шабыра жері бар екенін айтты. «Шабыра» аталуының себебі: ауылдағы үйлер кірпіштен салынып, үйлердің іштерін қара балшық пен сылайтын. Мал бағып жүрген

малшылар күн ұзақ дала жүргенде, әр жерлерді бақылап, қарап жүрген.

Сондай кезде ауыл маңында суыр, ондатр өте көп болған дейді.

Солардың қазған жерінен ақ түстес балшықты көреді. Содан алып пеш ақтайды. Үйдің ішін қара балшықпен сылағанша, ақ балшықпен сылаған жақсы екенін түсінеді. Үйдің іші жарық, әрі иісі де керемет екені. Тың және тыңайған жерлерді игергенде алғаш келген орыс халқы «қара құдық» маңындағы саз балшықпен қолдарының майын кетіру үшін қолданған. .

Ауыл маңында тас қайрақ деген жер бар. Ол жерде әр түрлі тастар бар. Тастың бәрі қайрақ сияқты болған.



Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

«Қазақ даласының әр төбесі, әр белесі ертегі, Топырағын басып қалсаң бір ертегі шертеді», дегендей ақын М. Шаханов айтқандай, туған жердің табан астындағы топырақтың тарихын біліп жүрген қандай жақсы.

Әр жас азамат өз елінің тарихын, тарихи тұлғаларын, олардың өнегелі істерін оқып біліп, ұлттық дәстүрлеріміз бен әдет - ғұрыптарымызды, мәдениетімізді ұғынып, туған өлкеміздің тау – тасын , өзен - көлін қазба байлығын өзімдікі деп сезініп, оны қорғай да білетін ұрпақ болуы да тиіс.

Қорытындылай келе, « Көркемнің тарихы бар таңғажайып, халқы бар жырлауға бір таңға лайық» дегендей, өлке тарихына нүкте қойылған жоқ, әлі де терең зерттелуіне үлес қосу - бәріміздің перзенттік парызымыз.

Өзіме бұған дейін белгісіз тарихы қызық жер аттарын білдім. Көркем өңірінің тарихы зерттеуге қолайлы тарихи деректерге бай. Әлі де туған жердің тарихын зерттеуді жалғастыра отырып тарихи материалдарды жинақтап, жүйелеп, тереңдете түсу – перзенттік парызым.